

**Аудан аумағында 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының азаматтарын жедел әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізуді қамтамасыз ету туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 24 наурыздағы N 97 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша ауданы Әділет басқармасында 2011 жылғы 29 наурызда N 13-11-206 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2012 жылғы 22 маусымдағы N 02.10-07-02-542 хаты)

**Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2012.06.22 N 02.10-07-02-542 хаты)**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағы 8) тармақшасына, «Әскери міндет пен әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасы 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 Заңының 19, 20, 44-баптарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» 2010 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығы негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасының басқа әскерлері мен әскери құрылымдарға мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын және өткізу қ а м т а м а с ы з е т і л с і н .

2. Аудандық шақыру комиссиясы 1-қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Жедел әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2-қосымшаға сәйкес б е к і т і л с і н .

4. Аудандық орталық аурухананың бас дәрігері (Рафальский А.П.) (келісім

б о й ы н ш а ) :

шақыру комиссиясына жіберілген шақырушыларды медициналық тексеру үшін аудандық аурухананың терапевт және хирургия бөлімдерінде қажетті орындар санын қарастырсын;

аудандық шақыру пунктіндегі медициналық комиссияны қажетті медициналық мүлікпен және керек-жарақтармен қамтамасыз етсін;

аудандық шақыру пунктіндегі медициналық комиссияны тәжірибелі дәрігер-мамандармен және орта медициналық персоналмен жасақтасын;

айнаға түсіру кабинетінің, анализ алу лабораториясының тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етсін.

5. Тайынша қаласы мен селолық округтардың әкімдері: шақырушылардың жиналуын қамтамасыз етсін және оларды шақыру учаскесіне жіберуді ұйымдастырсын;

шығарып салуды, учаскеге келу жолындағы тәртіпті және ұйымдастырылушылықты, шақыру комиссиясынан ауқытында өтуді және жедел әскери қызметке жіберуді қамтамасыз етсін;

облыстық бақылау комиссиясына бару үшін шақырушылардың көрсетілген санын сағат 7.00 де қорғаныс істері жөніндегі бөлімге жеткізуді қамтамасыз етсін .

6. Тайынша қаласының әкімі хабардар етуді ұйымдастыру және шақырылушылардың жеке істерін ресімдеу, медициналық комиссиядан және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне шақырылудан жалтарған шақырылушыларды іздеу үшін қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің қарамағына орташа еңбек ақыларын сақтай отырып, қажетті жұмысшылар санынан қызметкер бөлсін .

7. Аудандық ішкі істер бөлімінің бастығына (Тастеміров А.А.) (келісім бойынша) қоғамдық тәртіпті сақтау және шақырылушыларды шақыру комиссиясына шығарып салу және комиссия жұмысы кезінде учаскелік инспекторлармен қамтамасыз ету ұсынылсын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Қ.Жаровқа жүктелсін .

9. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Тайынша ауданы әкімі*

*А. Маковский*

*Келісілді:*

*Тайынша ауданы қорғаныс*

*істері жөніндегі бөлімнің бастығы*

*Э. Мусакулов*





© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК